

Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 06 қаңтардағы № 51-18 "2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 56-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 6265 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжар аудандық мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 06 қаңтардағы № 51-18 шешіміне (2020 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5932 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес 2020 жылға сәйкес келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 17 197 мың теңге:

салықтық түсімдер – 5 537 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 11 660 мың теңге;

2) шығындар – 17 197 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 9 000 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 9 000 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -9 000 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 9 000 мың теңге:

қарыздар түсімі – 9 000 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

мынадай мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы шешімге 2 қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен 2020 жылға арналған шығыстар түсімдері ауылдық округінің бюджеті есепке алынсын.

"2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 06 қаңтар №51-18 шешімін іске асыру туралы" ішкі қарыздар қаражатынан облыстық бюджеттен берілген кредиттер есебінен бюджеттік кредиттер сомасын бөлу айқындалады";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес 4 қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

А.Прокофьев

Ақжар аудандық мәслихат хатшысы

А.Хоршат

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 23 сәуірі
№ 56-5 шешіміне
1 қосымша
Ақжар аудандық мәслихаттың
2020 жылғы 06 қаңтардағы
№ 51-18 шешіміне
1 қосымша

Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			1) Кірістер	17197
1			Салықтық түсімдер	5537
	01		Табыс салығы	3417
		2	Жеке табыс салығы	3417
	04		Меншікке салынатын салықтар	2120
		1	Мүлікке салынатын салықтар	20
		3	Жер салығы	100
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2000
4			Трансферттер түсімі	11660
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11660

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	11660
Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
2) Шығыстар				17197
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15033
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15033
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15033
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2164
	124		Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2164
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1468
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	320
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	376
3) Таза бюджеттік кредиттеу				9000
Бюджеттік кредиттер				9000
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9000
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	9000
4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо				0
Қаржы активтерін сатып алу				0
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер				0
5) Бюджет тапшылығы (профициті)				-9000
6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)				-9000
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
07			Қарыздар түсімі	9000
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	9000
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	9000
08			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Ақжар аудандық мәслихаттын
2020 жылғы 23 сәуірдегі
№ 56-5 шешіміне
2 қосымша

Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен 2020 жылға арналған шығыстар

Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	9000
		Бюджеттік кредиттер	9000
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9000
	124	Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9000
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	9000